

## Ұлтаралық толеранттылық ынтымақтастығын жоғарылату

**Т**олеранттылық ұғымының шығу тарихына, мазмұндық сипатына, қалыптасу алғышарттарына басты назар аударылды. Бұл термин алғаш рет батыста діни мағынада пайда болып, кейіннен басқа да көптеген жаңа ұғымдарға негіз болғаны анықталды. Мысалы, қазіргі кезде, ол көпжақты ұғым ретінде демократия, адам құқықтары мен бостандығы, сұхбат мәдениеті, мәдениетаралық байланыс, саяси плюрализм, этикалық плюрализм, мәдени плюрализм ұғымдарымен байланысады. Сонымен қатар, толеранттылық ұғымы әлеуметтік, саяси, құқықтық, идеологиялық, коммуникативті, этикалық, дүниетанымдық, психологиялық, медико-биологиялық, діни-конфессионалдық, ұлттық-этникалық, гендерлік, педагогикалық, тұрмыстық сапаларда да кеңінен қолданылады.

«Tolerance» сөзінің латын тіліндегі «tolerantia» деген сөзінен шыққаны, «төзу, шыдау, көндігуді, рұқсат ету» деген мағынаны білдіретіні туралы және қазіргі кезде «төзімділік», «тағаттылық», «кеңпейілділік» деген сөздермен беріліп жүргентіндіктен, мағынасы жағынан жақын индульгенция, күш көрсетпеу деген ұғымдары болғандықтан, тілдік және мағыналық тұрғыдан салыстырылды. Сонымен қатар, толеранттылық адам құқығын құрметтеу, плюрализм мен демократия, құқықтық тәртіпті жақтау, әр адамның жеке тумысынан ұлтқа, дінге, белгілі бір мәдениетке, ортаға тән болатынын ескеріп, олардың жынысына, нәсіліне, сеніміне, дүниетанымының өзгешелігіне қарамастан, жеке ерекшеліктерін сақтай отырып, ортақ тіл табысып, бейбіт өмір сүре білу дағдысы болып табылады.

Жоғарыда айтылғандарды қорыта келе, «толеранттылықтың», танымпаздық, эмоционалды бағалау, жүріс-тұрыстық компоненттерінің интегративті сипатын көрсететін және өзгелердің мәдени, әлеуметтік тәнділігіне, ұлтына, діни нанымдарына, біліміне, жас шамасына, кәсібіне және көзқарастарына қарамай, өзара түсінісу барысындағы бөлсенді көргенді ұстанымды білдіретін тұлғалық қасиет болып танылатын феномен ретіндегі анықтамасын дұрыс деп есептейміз.

Тоқтабек А.А., Отуншиева А.Е.  
М. Әуезов атындағы ОҚУ-дың  
«Стандарттау және  
сертификаттау» кафедрасы  
магистр, аға оқытушылары